

Бекет

«Досым Сайыпназар!

Сен менің қайда кеткенімді, неліктен өзіңмен қоштаса алмағанымды әлі де білмейтін шығарсың. Енді, осы мен жіберіп отырған ұзақ әңгімеден соның бәрін, тіпті менің кім екенімді де біліп алуыңа болады. Өмірде адамның досы көп қой. Ал солардың ішінде өзіңе бәрінен де жақын, бәрінен де ыстық біреуі ғана болады. Мен үшін сондай достың бірі – сенсің. Әрине, біздің арамызда ешқандай да құпия болмауы керек. Мен сенің өткен өміріңнің барлық бүге-шігесіне дейін білемін. Өйткені, бәрін де сен маған айтып берген едің. Ал сен, мені білемісің? «Білемін?» —деп бас шұлғып, дауласуға да даяр шығарсың. Әрине солай. Жоқ, мен сенен өмірімнің жарты шындығын жасырып келіп едім. Көрдің бе, досыңның кім екенін. Әрине, сен бұған өкпелеуге тиіс емессің, тиіс те шығарсың, бірақ хатты түгел оқып болған соң керісемісің, келісемісің ол жағын өзің ой сарабынан өткізерсің.

Бұл жәйіттер жөнінде мен ешкімге тіс жарған емеспін. Тұңғыш тыңдаушысы сен болғалы отырсың. Почта арқылы жіберіп ештеңе мандыта алмайтын болған соң, мына бір таныс кісіден саған бір буда қағазды тапсыра салыңыз деп қосып отырмын.

Мен саған да, барлығыңа да ешкімім жоқ деп едім ғой, ал менің ағам бар!

Оны неге жасырғанымды, енді не себепті ақтарылғалы отырғанымды түсіну үшін мына жазғандарымды оқышы. Кісіні тебірентер сезімдер болса, сен де тебіренші!

Ал әлгі кісі сондай жақсы адам, барған соң келістіріп күтіп аларсың.

Сау бол! Өзіңнің Нұркенің.

1962 жыл, 8 январь».

I

Ол кезде біз колхоздың кішігірім мектебінің бесінші класында оқушы едік. Біз деп отырғанымның бірі ағам ғой. Аты — Бекет. Өзімнен төрт жас үлкен бола тұрса да, Бекет екеуміз үйде болсын, мектепте болсын, құрдас балалардай есіміз кеткенше алысып ойнаушы едік. Мұндай кездерде ол ешқандай ағалық ерекшелік көрсетпейтін. Бүкіл класымыздағы ең үлкені де сол менің ағам болды, сондықтан ба, мен қанша сотқарлық жасап бөтен балаларға соқтығысып кетсем де, олар маған батып ештеңе дей алмаушы еді. Екеуміздің ортамызда жіп байлап иыққа асып алатын нән қара сумка болатын. Оны мектепке ылғи Бекет асынып келетін де, ішіндегі наны

былғанып қалады деп, дәуітті мен алып жүретінмін. Көк есекке екеуміз таңсәріде жайдақ мініп алып, сабаққа тепендеп тартып беретінбіз. Қайтарда тез жүрсін деп тамның бұғат ағашына байлап кеткен қодығына жалтақ-жалтақ қарап, әккі есек ауылдан әрең ұзайтын. Мектепке келіп бір-екі сабақ оқыған соң-ақ менің қарным аша бастайды да, мұғалімнің көзі тая бере: «Бекет, осы үзілісте нан жейміз бе?» — деймін сыбырлап. «Үйден жаңа ғана шықтың ғой, екі сабақ өткен соң жейміз», — дейді ол қағаздан басын көтермей.

Бірақ бәрібір үзілісте Бекеттің далаға шыққанын бағып тұрып, осындай мөлшерде тиеді-ау деген шамамен, наннан опыра үзіп алып, ол келгенше бәрін де жоқ қылып, түк сезбегендей отыра беретінмін. Ол өз сыбағасын мүлде ұмытып кетіп, жолда жеуші еді. Оған дейін менің тағы да қарным ашып қалады. «Сен жеп пе едің?» — деп сұрайды ол есекті қақпалап келе жатып. Әлгіден жегім келіп тұрса да, қысылғанымнан: «Иә, аз ғана...» деп күмілжимін. Сонан соң ол нанның жартысын үзіп беретін.

О шіркін, балалықты қойсайшы!

Сол мектепте жүргеннің өзінде-ақ, екеуміз қызға ғашық болушы едік. «Ана қыз сұлу, бірақ үзіліс сайын нан жеп тұрады, ал ана біреуі ақылды, бірақ ашушаң», — деп екеуміз кей түндері бірге оқитын қыздарды сарапқа салып, өзімізше баға беріп жататынбыз. Сонан соң көңіліміз ұнатқан қызға ғашық болып, кешкі астан соң хат жазуға кірісетінбіз. Хатты аяқтап шыққан соң, бір-бірімізге дауыстап оқып беруші едік. Әбден тыңдап болған соң ол: «Сен жақсы жазады екенсің, сөзді қайдан тауып ала бересің?» — деп таңдана қарайтын да, «міне менікі мынау-ақ, сонда да жарайтын шығар» деп бір бетке толар-толмас ірі-ірі жазуларды көрсететін. Одан кейін екеулеп отырып өңдеп, ертең сабаққа барған соң менің хатымды ол, оның хатын мен табыс етуші едік.

Үйге келген соң «хатты қалай бердің, ол не деді, жауап жазатын болды ма?» — деп бір-бірімізден сұрап жатып, тәтті ұйқыға шомып кетуші едік. Қайран балалық-ай!

Бекетке тән бір мінез — сондай бір беткей еді. Сәл нәрсеге ашуланып, өкпелесе, жуық арада райдан қайтып, ашық, жарқын қалпына қайтып түсе қоймайтын. Апам да, мен де оның бұл мінезіне қарап «мейірімсіз, тасбауыр» деп ұрысатынбыз. Бір күні сабақтан оралсақ, апам түскі тамақты әлі дайындай алмай жүр екен. Ауызғы үйдің бұрышында мор ошақтың үстіндегі қазанда патыр-патыр етіп жүгері қуырылып жатыр. Шынында, Бекеттің кейбір содыр мінезінен апам шошына ма, жасқана ма, осының-ақ көңілі

болсыншы дей ме, ол кіріп келгенде кірісе кететін тамақ әлі дайын болмаса, апам байғұс сасқалақтап қалатын. Тап осы жолы да солай етіп, апам Бекетті көрді де, от қызуынан қызара тершіген бетін де сұртпестен, қазандағы аппақ бадырақтарды апыл-құпыл түсіре бастады.

— Түүһ, тамақты әлі дайындай алмағансың ба? — деді Бекет сумкасын төрге қарай лақтырып жіберіп.

— Неғыл дейді-ай осы, көріп отырсың ғой не істеп жатқанымды, — деді апам ашуланса да үнін жұмсарта сөйлеп.

— Неғыл дейді, неғыл дейді! Түске шейін бір тамақты әзірлей алмай. Күшік тамақ ішті ме?

— Әй, жақсы көрсең күшігіңе тамақты өзің істеп құй. Не деп тұрсың бырқылдап, үзіліп бара жатсаң ананы жей тұр, қазір нан піседі. Жұмыстан жаңа келдім, мені бір ойнап жүр ғой деймісің?

— Жемеймін, жүгеріні не деп қуырып жатырсың!

— Бекет-ай, қойсайшы адыраңдай бермей, сен жемесең мен жеймін. Қарның тоқ қой, жолда әбден нанға тойып алып.

— Әй, тіліңді тарт деймін! — деді ол бақшия қарап. Араға килігіп, өзіне тіл тигізсең, ол түтігіп, өршеленіп кететін.

— Тартпаймын!

Осы кезде Бекет желкемнен түйіп жібергенде, мен жаңа ғана түсірілген ыстық жүгеріге тұмсығыммен қаба құладым. Әрі өзі ашуланып, әрі маған жаны ашыған апам, отты көсей-көсей сүйірленіп қалған күйелі ағашты алды да, Бекетті салып-салып жіберді. «Бар жоғал! Маналы бері арқаң қышып, керегі осы болып тұрған ғой саған! — деді апам оны есікке итеріп жіберіп. Бекет жым-жырт үйден шықты да, там айналып кетіп қалды.

— Ана содыр сенің бір жеріңді ауыртып қойған жоқ па? — деді апам, Бекет шығып кеткен соң менің жанымға келіп.

— Жоқ.

— Үйбай-ай, мұнысы несі мұның-а? Ол аз оған, аз! — деп апам капаланып жүр. Шыны керек, апам мені сондай жақсы көруші еді. Тіпті аз ғана қаймағы болса да, Бекет жоқта маған әкеп беретін де:

— Айналайыным, мынаны жей қойшы, ана тасбауыр қанша айтқанмен ересек қой, оған бәрібір, — деп қоятын. Апамның Бекеттен гөрі мені тәуір көретініне мәз боп, арсалақтап келіп бір қолыммен оның мойнынан құшақтай отырып, қаймақты салпылдатып жей бастайтынмын. Шайдан соң да Бекет үйге келген жоқ.

Бір кезде далаға шықсам, үй артында бір шақырымдай жердегі төбенің басында Бекет отыр екен. Қимылдағаны алыстан байқалмай ма, әйтеуір тастай қатып қалыпты. «Бұл сонда не ойлайды екен?» — деймін ішімнен. Мейлі не ойласа соны ойласын, нан апарып берейінші. Шындығында оған жаным ашыды. Үйге қайтып кірдім де апамнан ұрлап, жарты таба нан мен бір-екі уыс жүгеріні көйлегімнің ішіне салып жіберіп, Бекет отырған төбеге қарай жүгіре жөнелдім. Жанына жетіп келгенімде ол маған назар да аударған жоқ. Басын төмен тұқыртып алып, мелшиіп отыра берді.

— Бекет, нан жеймісің? — дедім жасқанған үнмен. Ол басын жоғары көтеріп, маған ызалана қарады да, «керегі жоқ» — деп күбір ете қалды.

— Қарның ашты ғой сенің?

— Жоқ.

— Енді үйге жүрмеймісің?

— Жоқ.

— Өзің «жоқтан» басқаны білмей қалыпсың ғой. Апам ұрды деп үйден беземісің?

— Әй, таяқ жемей тұрғанда кет! Бәленің бәрін қылған сен, — деп ол орнынан атып тұрды. Салып жіберуден тағы тайынбас дедім де, келген ізіммен кейін қарай тайып тұрдым. Үйге жете бергенде артыма қарасам, ол әрірек барып отырыпты. Өрістен мал да қайтып, біздің жалғыз шібіш те келді. Апам оның алдына бір табақ кебек апарып қойды да, Бекет отырған төбе жаққа ұзақ қарап тұрды. Сонан соң терең күрсіне үйге кіріп кетті. Дәл қазір апамның не ойлағанын білмесем де, әйтеуір ол кісіге жаным ашып кетті. Апам біраздан соң далаға шығып:

— Анау келе ме, келмей ме? Аштан өледі ғой, бар, біліп келші, — деді.

— Бардым. Қуып жіберді. — Сол жерде түнемекші ме? — Қайдам, «келмеймін», — дейді.

Сонан соң апамның өзі солай қарай жүрді. Бекеттің қасына ол кісінің қалай барғанын да, оның қолынан сүйреп, әлдене деп ұрысқанын да мен тамға сүйеулі саты үстінде отырып көріп тұрмын. Бірнеше минуттан соң олар үйге келді. Бекеттің қабағы баяғысынша түнеріңкі. Әйтеуір осы түнде апам екеуміз қанша тартқыласақ та, Бекетті тілге келтіріп, илкітіре алмай-ақ қойдық. Япыр-ай, шыдамдысы-ай, біз ұйқыға кеткенше су да ұрттаған жоқ. Таңертең қарасам, дәуітті тастапты да, сумканы алып сабаққа кетіп қалыпты.

— Бекет тамақ ішті ме? — дедім апам.

— Жоқ. Сөмкесіне нан салсам да лақтырып тастап кетті. Оған ере көрме, шырағым, қайдам оның кім боларын, — деп апам бір күрсінді.

Таңертеңгі тамақты ішіп болған соң апамды осындай кезде жалғыз тастап кеткім келмей тұрса да, қойныма жарты таба нанды қысып алып, Бекеттің соңынан мектепке тартып кеттім. Тай-құлындай тебісіп бірге өскендіктен бе, шындығында да мен оны тым-ақ тәуір көретін едім. Қойшы әйтеуір, Бекет тамақты ертең кешке барып бір-ақ ішті. Осы кезге шейін оның көзі кіртііп, жағы суалып-ақ қалыпты. «Сұмдық-ай, неткен мінез, — деймін оның тамақты қалай қарбытып жеп отырғанынан көз алмай,

— Соншалықты қатыгез болмасаң қайтеді.

Ақыры ол да жадырап, үйдің ішіне бір жылылық енгендей болды. Осылайша күн артынан күн өтіп, біз бесінші класты да бітіруге таяндық. Бір күні сабақтан келсек, апам қатты науқастанып қалыпты. Сөйтсе де оны-мұны тамақтарын дайындап, төсекте ыңқылдап жатыр екен. Апам бұрын да осылай жиі сырқаттанып қалатын да, сәл айықса жатпайтын, тұрып кететін. Осындай кездерде от жағып, су әкелетін мен едім де, Бекет күшігіне тамақ, ешкіге жем беріп, есектердің астын тазалап жүретін. Бүгін де тап солай апамның сырқатына көп көңіл бөлмей, Бекет екеуміз ойнауға кетіп қалдық. Кешке қайтып келсек, апамның сырқаты бұрынғысынан да күшейе түсіпті. Кеш болған соң Бекет әдеттегісінше жастыққа басы тие салысымен-ақ қор ете түсті де, мен түн жарымына шейін көз іле алмадым.

Балаларды үрейлендіре бермейінші дейді-ау, апам қанша қиналса да, ернін тістеп алып анда-санда бір «уһлейді». Көрші үйдің келін болып түскеніне бір-ақ жыл болған Ләтифа дейтін әйелі бар-тын. Бишараның күйеуі осыдан бір-екі ай бұрын ғана қайтыс болып, көкіректі қарс айырған қайғысы енді ғана серпіліп, әйтсе де талабы көп жас өмірдің шешімін таба алмай, кей кезде біздің апаммен ұзақ түнге әңгімелесіп отыратын.

Бүгін де сол байғұс келіп, апамның айтқанын істеп, асты-үстіне түсіп жүр. Көз жұмсам да көңілім ұйқыдан аулақ, сергек жатырмын. Олардың сөйлескен сөздерінің бәрін де құлағым шалады.

— Ләтифажан, — дейді апам бір кезде, тап өзінің қызы, не келініндей-ақ. — Сары уайымға көп салынып қайтесің, шырағым, құдайдың бір дегені тұрған шығар, Серімбеттей жақсы табылмаса да жаман табылар. Көңіл қаласа тоқым да торқа ғой.

Апам ұзақ сөйлей алмай үзіп-үзіп айтады. Ләтифа ол кісінің бас жағында үнсіз отыр.

— Сен сияқты ашық жарқын келінім болса деп армандаушы едім. Құдай сонысын көрсетпей ала ма, қайдам. Ана содырымның әйелі қандай болар екен... Апам ар жағын айта алмай тоқталып қалды.

— Қойыңызшы, апа, сіз жассыз ғой, әлі Нұркеннің де баласын сүйесіз, — деп Ләтифа апамның арманды ойына алдау айтады.

Сонан соң, «қайдам» дегендей апам әлсіз ғана бір күрсінді де, ұйықтап кеткен адамша үнсіз қалды.

Арада 5-6 күндей уақыт өтті. Апам ауырғалы бері менің сабақта ешқандай мазам болмай қойды. Тынышсызданып, үйге кетуге, анамның дәрменсіз саусақтарымен бетімді, селдір шашымды сипалауына тезірек жетуге асығамын. Байқаймын, Бекет те өзгерген сияқты. Өзгергені сол, ешкімге тіл қатпайды. Ең соңғы партаға барып, сұлық түсіп отырып алады.

Бірақ мен сияқты уайымдау, тынышсыздану дегеннің нышаны оның жүзінен байқала қоймайтын. Бәлкім, барлық сезімдерін ол сыртқа шығара бермейтін де болар. Дегенмен, ол да өзгерді. Демек апам туралы ол да ойланады екен ғой. Бір күні сабақтан шыға салып мен оны үйге қарай асықтыра жөнелдім. Әдетте ол асығу дегенді білмеуші еді. — Жүрсеңші, анда апам ауырып жатыр ғой, — дедім оның жеңінен тартып.

— Күндегі сырқаты шығар, несіне асығамыз, — деді ол есектің қазығын суырып жатып. Сонан соң жайбарақат барып, тыпыршып тұрған есектің тұсауын шешті де, «кел»деп менің аяғымнан демеп мінгізіп жіберді. Жайшылықта жалқау, қайтарда тұлпар болып кететін көк есек, «құдай салды, біз көндік» дегендей, мойнын төмен салып жіберіп шаңды бұрқылдатып ұрып келеді. Ауылға жақындағанда үйге қарасам есік алдында адамдар топырлап жүр екен. Сол сәтте-ақ бір сұмдықты сездім де, денем мұздап сала берді.

— Бекет, біздің үйде не боп жатыр?! — дедім үрейлене.

— Жайша шығар, жай ғой, — деді ол сыбырлағандай сасқалақтап.

— Жоқ. Апам... апам өлді, Бекет! — дедім даусым қалтырап.

— Қойшы! — деп ол маған жалт қарады. Бетінің қаны қашып сұп-сұр болып кетіпті. Осыдан соң дәуітімді лақтырып жібердім де, үйге қарай еңіреп жүгіре жөнелдім.

— Қай-қайдағыны шығармашы, Нұркен, — деп Бекеттің шошына және алғаш рет ішкі сезімін сездіре сөйлеген сөзіне көңіл де бөлмедім. Жүгіріп келген бойда жылы сөз айтып жапырласқан жұрттың қақпалағанына да қарамастан, жуған матадай боп-боз болған апамның мұздай бетіне бетімді басып құлай кеттім...

Онан арғысын білмеймін, бір кезде есімді жисам, екі-үш адам мені төсекке жатқызып қойып, қоршалап тұр екен. «Сабыр етші, қалқам, сабыр

етші» дегеннен басқа басу айта алмайды. Көрші-қолаңның жұбатуымен далаға шықсам, босағада боп-боз боп, тас мүсіндей Бекет тұр.

— Бекет, апам жоқ енді! — деп егіл-тегіл боп, оны құшақтай алдым. Бір кезде босатып жіберіп бетіне қарасам, көзінде бір тамшы да жас жоқ екен.

— Апамның өлімі де саған батпады ма, тасбауыр! — деп оны шапалақпен салып-салып жібердім. Ол менің ұрғанымды шыбын тепкендей де сезінбей, мелшиіп тұра берді.

Анасы өлгеннің қайғысы қандай болатынын несіне айта берейін, сол күні кешке жақын ол кісіні жерледік. Кімнің не істеп, не сөйлегенін де білмеймін, әйтеуір құлағымда: «Балалары жас еді байғұстың, ерте кетті-ау» — деп күрсінген жұрттың сөзі ғана қалыпты. Бізді елегізбесін деп бірге қонып жүрген ауыл адамдары қашанғы жата берсін, екі-үш күннен соң келмейтін де болды. Тек Ләтифа ғана жиі келіп тамақ істеп беріп жүрді. Әлденеше күнге дейін үйге кіріп жату да сұмдық қорқынышты көрінетін. Апам барда базар болып жататын үй қазір айдаладағы иесіз тамдай жым-жырт. Әсіресе апамның мені алдына алып, қаймақ жегізгені, бірде боп-боз жансыз бейнесі көз алдыма елестеп, түні бойы ұйқым келмейтін. Бекет болса, менімен де сөйлесуден қалды. Ол күн ұзақ мұңайып жүретін де, кешке жақын тамның төбесіне шығып алып, апамның моласынан ұзақ уақыт көз алмай қарап отыратын. Бір күні үнсіз ғана қасына барсам ол әлдене деп өзіне-өзі күбірлеп отыр екен. Менің келгенімді сезді де, маған ақырын ғана назар аударды.

Оның жанарынан батып бара жатқан күн сәулесімен сарғыштана жалт еткен мөлдір жастарды көріп қалдым.

— Қойшы, Бекет, жыламашы, берік едің ғой сен, — дедім оны қапсыра құшақтап.

— Мен жыламаймын ғой, үйге баршы, Нұркенжан! — деді ол қарлыққан дауыспен.

Бекеттің «Нұркенжан» деуі маған тұңғыш рет ағалық сезімін сездіруі еді. Бұл жерде көп тұра берсем даусым шығып кетер деп, сатыға қарай жақындағанымда, оның «тасбауыр» деп күбірлегенін естіп қалдым. Сол күні кешке екеуміз көп отыра алмай, төсек салып жатып қалдық. Ол әкем сияқты мені құшақтап алып, өзіне қыса түседі де, әлсін-әлсін көрпемді қымтап қояды.

Түннің бір кезінде «Нүркеш, ұйықтаған жоқсың ба?» — деді ол бейне бір ауыр бейнеттен әбден қалжыраған адамдай ақырын ғана.

— Жоқ.

— Оқуыңа қашан барасың?

— Білмеймін.

— Онда ертең бара бер.

— Сен ше?

— Жоқ, мен бармаймын. Осы да жетер.

— Онда мен де бармаймын.

— Сен олай етпе, Нүркеш, мен сенің ағаңмын ғой. Екеуміз бірдей оқып қайтеміз, — деді ол ересек адамдарша байсалды үнмен. — Сен оқышы.

Осыдан соң келіскендей мен үнсіз қалдым. Бұдан былай Бекетсіз оқудың маған қаншалықты көңілсіз болатынын мен көзіме елестетіп жатып, ақыры ұйықтап кетіппін.

Таңертең тұрсам, Бекет орнында жоқ, жастығы су-су. Оның түнімен жылағаны ма екен дедім оны аяп кетіп. Ия, қасірет үстінде дауыс шығарып жылай беру, шын қайғының айғағы емес екен ғой!

Сырттан Бекеттің жөтелгені естілді де, біраздан соң өзі де кіріп келді.

— Тұрдың ба, Нүркенжан? Жуын, сабағыңнан қалма. Міне, Ләтифаның үйінен әкелдім, біраздан соң қарның ашады ғой, — деп ол бірнеше үзім нанды баяғы қара сумкаға салып жатты. Қара папканы асынып далаға шықсам, Бекет есекті баяғыдай емес, тап-тұйнақтай етіп желдіктеп қойыпты. Сонымен, қара сумка да, көк есек те біржолата маған тиіп, алғаш рет мектепке жалғыз өзім кеттім. Ауылдан біраз ұзаған соң артыма қарасам, Бекет сатыға шығып, менің соңымнан қимылсыз қарап тұр екен. Түс ауа үйге келгенімде есік алдында екі-үш ат байлаулы тұрғанын көрдім.

Бірін тани кеттім — осы ауылдағы бригадир Дәуленнің торысы. Қалғандары кімдікі екені белгісіз. Есекті қазыққа байлай салып ішке кірсем, Бекет пен төрт адам менің келуімді күтіп отыр екен. Кейіннен білдім, олардың бірі — ауылдық советтің бастығы Уәли де, екіншісі — партия ұйымының секретары Нәсифолла екен. Мен келген соң, олар біраз үнсіз отырды да, Дәулен сөз бастады.

— Шырағым, — деді ол әуелі маған, онан соң Бекетке қарап. — Біздің мұнда келгендегі мақсатымыз сендерді далаға тастамау еді. Бірақ біздің аймалағанмыз ананың таяқтағанына татымайды ғой. Әйтсе де қолдан келген қамқорлығымызды жасап, сендерді оқытпақшымыз. Мына кісілер де соны қостап осында келіп отыр, — деп ол әлгі адамдарды таныстырып шығарды.

— Сонда, Бекет екеуміз де оқимыз ба? — дедім Дәуленнің қызыл шырайлы байсалды жүзіне қарап.

— Әрине, екеуің де оқисыңдар.

Олардың бұл ұсынысына мен қуанғанымнан секіре жаздадым. Бекет екеуміз қайтадан бірге оқитын болдық па әйтеуір!

— Рахмет, ағатайлар! — дедім жүзім балбұл жанып. — Бекет, барамыз ғой? Ол төмен қараған бойы үнсіз отыра берді. Неге үндемейсің, Бекет, бірге оқиықшы, сені жалғыз тастағым келмейді.

— Қой, Бекет неге бармасын, оқиды, — деп Нәсифолла алдаусыратып жатыр. — Есі бар ғой. Солай етесің, ә?

— Жоқ, мен бармаймын, — деді ол басын сәл жоғары көтеріп, — Нұркен оқыса жарайды. Апам өлді деп үйді қалай қиып тастап кетемін... Әрі Нұркенге азды-көпті қаражат керек.

Бекеттің соңғы сөзіне алғашында күлсе де, олар кейіннен үнсіз қалды.

— Бекетжан-ау, пансионда сен ешнәрседен де тарықпайсың. Жақсы киім, жақсы тамақ береді, — деп Уәли сөзге араласты.

— Ағаларың орға итермейді, айтқанын екі етпе.

Жоқ, қамқорлықтарыңа рахмет, Нұркен оқыса, мен жұмыс істеуге тиіспін, — деп Бекет бас шайқап, олардың алдап та, сөгіп те айтқан сөздерінің біріне илікпей-ақ қойды. Ақырында пансионға мен кететін болдым да, Бекет үйде қалатын болды.

Көнбеген соң қайтсін, әрі он жеті жасар баланы қашанғы қинайды.

Түркістанға ертең жүретінімді естігенімде, барамын деп келіскеніме өзім өкіндім.

Қалайша, қалайша тез айырылысамыз! Сол күні таң атқанша көз іле алмадым. Бекет екеуміз бір-бірімізге тығыла түсіп, құшақтасып жатырмыз.

«О, Бекет! Сенің балалық шақты тез-ақ аттап өтіп, есейіп қалғаның ба?

Тұрмыс ауыртпалығын мен үшін ертерек арқалауға бел буғаның ба? Сенің сол кезде не себепті оқығың келмегенін мен кейін ғана түсініппін ғой!»

Бекет түні бойы мені аймалап, алақанымды ыстық бетіне қайта-қайта басып, толқи сөйлеп жатты.

— Айналайын Нұркенжан, көңілің қамықпасын, мен бармын ғой, ешнәрсеге алаң болмай оқи бер. Тек сен адам болшы, — дей береді ол. Мен не дейін, оны қыса түсіп, үнсіз келісіп жатырмын.

Таңға жақын көзім ілініп кеткен екен, біраздан соң оянып кетіп жан-жағыма қарасам, Бекет керекті заттарымды буып-түйіп, бір қапшыққа салып жатыр екен. Менен айырылысудың оған да оңайға соқпағаны сарғыш тартқан

жүзінен анық көрініп тұр. Оның абдыраған, сасқалақтаған қимылдарынан көз алмай қарап жатырмын. Әне, ол ең әрісі осы да қажет-ау деген оймен, терезе алдында тұрған перо мен сынық қаламсапты да қапшыққа салып қойды. Бекеттің тұлғасынан көз алмай жатып, бұл үйде оған жалғыз тұру қаншалықты қиын болатынын ойлап, көңілім жасып кеткендей болды. Ол енді мына қорқынышты үйде талай түндерді жалғыз өткізеді-ау деп қимаймын.

...Түс ауған соң Уәли мен Нәсифолла мені алып кетуге есік алдына машинамен келіп тұра қалды. Біздің айырылысуымыз аянышты екенін олар да сезсе керек, менің жиі кеп тұратынымды, ол жақта жағдайдың жақсы болатындығы туралы екеуі де тамсана мақтап жүр. Ара-тұра екеуміздің де арқамыздан қағып күлісіп қояды. Бірақ олардың күлкісіне қосылу екеуміздің ойымызға кіріп те шыққан жоқ. Жүрер уақыт таянған соң, машинаға әлдекім итергендей әрең отырдым.

Қаннен-қаперсіз шофер жігіт менің отыруымды күтіп-ақ тұр екен, темекісін тұтатып болды да, стартерді брезент етігінің өкшесімен «ғыж» еткізіп басып қалды. Бекет машинаның ашық терезесінен маған қара көздерін мөлдірете қарайды. Сонда ғана байқадым, оның жанарынан таң шығындай тамшылар үзіліп түсіп жатыр екен. Оны өзі сезбейтін, сезсе де елемейтін тәрізді. Өзін-өзі ұстай алмады-ау, ол иіліп келіп, тұңғыш рет екі бетімнен алма-кезек шөпілдете сүйді. Оның ыстық жасы менің омырауымды жуып кеткендей болды. «Бекет неге жылайды, — деймін өзімнің де көзімнен сорғалаған жасты байқамай. — Берік еді ғой ол».

Ақырында машина орнынан жай қозғалды да, үлкен жолға түсіп, Түркістанға бет бұрды.

Жанымдай жақсы көретін сүйікті Бекетім, есік алдындағы жиюлы отынға шығып алып, мен көзден таса болғанша қол бұлғап тұрды.

Ақырында ол да мұнартқан сағымға араласып, көзден ғайып болды.

II

Бұрын мұндай орында болмағандықтан ба, Түркістандағы пансионға келгенімде, маған мұндағылардың бәрі де өрескел жандар сияқты болып көрінді. Тәрбиешілердің бойынан сұмдық бір қаталдық пен суықтықтың лебі есіп тұрғандай болатын. Тіпті, тәрбиеленуші балалардың өзі де мұнда келіп қосылғанымна наразы болғандай, менімен кездесе кетсе түксіе қарасып өтетін. Кейбіреулері байқамағансып қағып кетеді де, не бас киімімді ала қашып бір-біріне лақтырысып ойнап, мен әрқайсысына жүгірген сайын ішексілелері қата күлісіп, әбден ызамды келтіруші еді. Осындай кездерде мен

ауылды көп ойлайтынмын. Қараңғы үйде жалғыз жатқан Бекетті, оты әлдеқашан өшіп, суып қалған пештің үстінде пырылдаған тарғыл мысықты көз алдыма елестетіп, «мен осында неге келдім, кетейінші Бекетке» — деп талай қобалжыдым. Бірақ ауылға рұқсатсыз кетсең жиырма бес жылға сотталасың деген жалпақ мұрын, тәпелтек сары баланың сөзінен сескеніп, ол ойымнан да амалсыз бас тартып жүрдім. Әйтсе де, бұл тосырқаушылық көпке созылмады. Бір айдай өткен соң бәрімен де етене таныс болып кеттім. Енді балалардың да, тәрбиешілердің де біздің ауылдағы адамдардан айырмашылығы жоқ екеніне көзім жете бастады. Бір бөлмеде он бір баламыз. Бәріміз де бір мектепте, бір мезгілде оқимыз. Мұнда келіп жаңа киім, жаңа сумка алған соң, бойым бір көтеріліп қалғандай болды. Көңіл шаттылығы мен тұрмыс тәттілігінен енді ауыл туралы алғашқы айлардағыдай көп ойланып, уайымдамайтын болдым. Осылайша, көңілді өмірге араласып жүріп, Түркістандағы мен барған жылдың алғашқы күзі қалай келіп қалғанын аңғармай да қалыпшын ғой. Мектептен 7-8 күнге демалыс алып, ауылға қарай алабұртып тартып бердім. «Бекетім менің! Сен қазір нендей күйде екенсің? Менің жолыма қарай-қарай көзің талған жоқ па?» Ойыма осы бір сезімдер оралған сайын үйге жетуге асыға түсем, шыдамсыздана түсем. Мен ауылдың тұсынан машинадан түскенімде күн ұясына қонуға бақан бойы қалған еді. Өне, ана қырдың басында көзге оттай басылып біздің үй тұр. Оның төңірегінде Бекет көрініп қалмас па екен деп көз алмай жүріп келемін. Үйге жақындаған сайын жүрегім тайдай тулап, аузымнан ытқып шығатындай көрінеді.

«Уһ» — деп үйге де жеттім-ау. Келсем, есік құлыптаулы. Терезенің ар жағында отырған тарғыл мысық, аузын кере ашып маған қарай мияулайды. Жүгіріп бардым да әйнекті жалаң қолыммен бір қойып, мысықты суырып алдым да, саусағымнан сорғалаған қанға көңіл де бөлместен, оның жұп-жұмсақ жылы денесін алқымыма басып, арқасын сипалап жатырмын.

Туған үйіңнің мысығы да қандай ыстық еді шіркін!

Көрші үйдегі Ләтифа мені байқап қалса керек, ентіге келіп асты-үстіме түсіп, айналып-толғанып жатыр.

— О айналайын, дардай жігіт боп кетіпсің ғой. Жүр үйге. Бекет қазір жұмыстан келеді, —деп үйіне ертіп барды. Табалдырықтан аттай бергенімде, үй ішіндегілер дуылдап қарсы алды. Ләтифа көрпе салып, шай қойып, тамақтың қамына кірісіп, аяғы-аяғына жұқпай зыр жүгіріп жүр. Тамақ ішіп, ымырт жабылған соң ғана Бекеттің жұмыстан келгенін естідім. Сол бойда далаға атып шығайын дегенімде, үйдегілер: «Біз Нұркен келді дейік, қалай

қуанар екен», — деп етегіменнен тартып отырғызып қойды. Ләтифа далаға жүгіре шықты да:

— Әй, Бекет, інің келді, сүйінші! — деп айғайлады.

— А, Нүркенжаным ба?! Айналдым-ау, айналдым-ау әшейін, қайда, кәне?! — деген Бекеттің таныс дауысын естігенімде, өзімді-өзім ұстай алмай далаға атып шықтым. Босағадан аттай бергенімде, Бекет маған қарсы жолықты. Қолындағы ұзын қамшысы сарт етіп жерге түсіп кетті де, құшағын айқара ашып маған қарай ұмтылды. Мен де оның мойнына асыла, шаң мен жүгері сабағының қышқылтым иісі сіңген құшағына еніп кеттім...

Екеуміздің табысып, біраз мауқымыз басылған соң, Бекет: «Айналайын, үйге жүр, есіктегі құлыпты көріп көңілің босаған жоқ па? Міне, келдім ғой мен», — деді дірілдей сөйлеп. Бекеттің үйге жүр дегенін есітіп, Ләтифаның енесі: «Бүгін осында болындар, не бар от жағылмаған тамда, ертең-ақ барарсындар», — дегенде, менің денем әлдене есіме түсіп дір еткендей болды. Бұл сөз Бекетке де ауыр тиіп қалса керек, ол қабағын бір түйіп, маған жалтақтай қарады да, қолымнан ұстап үйге асықтыра түсті.

Үйге келсек, есік алдында үстіне жүгері паяны қайыстыра тиеген арба тұр екен. Сонда барып есіме, көктемде егілген жүгері түсе кетті де, Бекет жалғыз өзі соны жинап жүр екен ғой деп ойладым. Бекет бір ересек балаға, «Аттарды шығарып қоя салшы», — деді де, қойын қалтасынан кілтті алып, есікті ашты. Бағаналы бері пырылдап, аяққа оралып жүрген мысық, бізден бұрын үйге жүгіріп кірді.

— Төрем, алтыным келді ғой менің, — деп Бекет, анам сияқты өзінен-өзі сөйлеп жүр.

Үйге кіріп келгенімде іштегі өзгерістерге көзім бірден түсе кетті. Үй тап-тұйнақтай, пияла-шәйнектер қатар-қатарымен үлкен столдың үстіне жиналыпты. Қабырғада сағат. Сырт-сырт жүріп тұр. Бекеттің таңертең кеткеннен үйге келіп тұрғаны осы болар, сағаттың шынжырлы тасы жерге тиюге аз-ақ қалыпты. Мен келді дегенді естіп, ауылдың біраз адамдары жиналып қалды. Өтіріктері ме, шындары ма, әйтеуір бәрінің де ауыздарынан шығатыны: «Айналайын, дардай жігіт бопты», — деген бір-ақ сөз. Бекет қуаныштан не істерін білмегендіктен бір орында тағат таба алмай, далаға бір шығып, бір кіреді. Жиналғандардың бәрі тарап, үйде екеуміз қалған соң, ол орнынан тұрды да, сандықты ашып: «Мынау саған деп алғаным, төрем, киші кәне, жарасар ма екен», — деп бір костюм-шалбар алды.

«Бекет-ау, бұны несіне алдың, өзің-ақ кие берсеңші, маған киім жеткілікті» — дегенімде: «Мені нағыласың, ауылдамын ғой. Маған бәрібір,

сен кисін деп алдым. Киімің артық боп бара жатса чемоданыңа салып қой, әйтеуір бір киерсің», — деді шалбарды маған өлшеп жатып. Ақыры оны маған кигізді де, құйып қойғандай шақ екенін көріп балаша қуанды. Байқаймын, Бекеттің өзіне алған киімі жоқ сияқты. Ілулі тұрған ешнәрсе көзіме шалынбады.

— Өзіңнің костюмің бар ма?

— Бар ғой, ана сандықта. Тегі мен жөнінде қысылмашы. — Бірақ кейіннен сандықты ашып көргенімде, бір-екі жуылған көйлектен басқаны оның ішінен байқай алмадым. Түннің біраз уағы боп қалған соң, біз төсек салып, дәл баяғыдай құшақтасып жатып қалдық. Бекет тапқан азды-көпті ақшасына бір стол, сағат, сандық, екі қой сатып алғанын, анадағы ешкінің егіз туғанын, көктемде қой төртеу, ешкі алтау болатынын айтып, ұзақ уақыт әңгіме қылып жатты. Неге екені белгісіз, дәл осы кезде, Бекеттің апам ауырып жатқанда қазан-аяққа жоламай, малға жем беріп, оның астын айнадай етіп тазалап жүретіні есіме түсті. Дүниеқоңыздылық шығар мұныкі деп ойлаушы едім. Сөйтсем ол соның бәрін бір мен үшін істеген екен ғой деп ойлаймын қазір...

Таңертең ұйқымнан оянсам, орнында Бекет жоқ. Көзімді ашып қалғанымда есіктен көлең етіп шығып кеткен әйел көйлегінің етегін көріп қалдым.

Қазір қайта соғылған, бұрынғы ауызғы үйдегі пеш жақта ысылдап қайнап жатқан шәйнектің даусы естіледі.

«Бұл кім болды? — деп ойладым іштей, — үйді тап-тұйнақтай етіп жүрген де осы көлең еткен көк етек емес пе екен?» Орнымнан ақырын көтеріліп, терезеден сыртқа қарадым. Жерге түскен күзгі қырауға шұбалта із тастап, Бекет екі қой, бір ешкісін бір топ малға апарып қосуға айдап барады екен. Мен киініп, енді жуынуға тысқа шыққанымда, Бекет қайтып келді.

— О, төресі, тұрып қалғансың ба, әкел мен құяйын, — деп, қанша қарсыласам да болмай, шәйнекті қолымнан алды да маған су құя бастады. Тамақ ішіп болған соң Бекет аттарын жекті де жұмысқа кетуге дайындалды.

— Нүркенжан, үйде қаласың ба, әлде менімен бірге жүресің бе? — деді ол арбасына мініп жатып.

Мен одан неге бөлінейін. Әрі, бұрын ауылда жүргенімізде Бекет екеуміз өткен-кеткен арбаға жармассақ, олар тұра кеп қуушы еді. Сонда: «Шіркін, арбакеш болу қандай жақсы, бүлкілдеген арбаға емін-еркін отырып, азаннан кешке дейін рахатқа шому бақыт емес пе?» — деп ойлайтынбыз. Алаңсыз бала көңілім сол ойымнан әлі айықпаған болса керек, арбаға қарғып

міндім де, Бекеттің жанына отырып алдым. Менің келгеніме, әрі өзімен бірге жүргеніме Бекет қуанғандай, мақтаныш тұтқандай кешке дейін көңілді жүрді. Қырман басында мақташы қыздармен сілесі қатқанша алысып ойнады. Қыздар Бекетті жек көрмейтін сияқты. Шынында да, ол қара торының әдемісі емес пе? Жас қыранның жанарындай ойнақшыған отты көздері, сәл жалпақтау, сонысымен жарасымды мұрны, күлгенде екі бетінде пайда бола кететін шұқырлар, оның барлық бейнесіне үйлесіп, сұлуландыра түсетін.

Қыздар оның осы қасиетіне қызығып жақсы көре ме, әйтеуір оған тиісе кетіп, алыса түседі. Дәл осы кезде оның ойына баяғы мектептегі өмір орала кете ме, Бекет әлденеге қымсынғандай кей кезде маған бір-екі рет назар аударып, қызарып кететін де: «Қойыңдар, қыздар, осы да жетер» — деп қоятын.

Ағам үшін мен мақтанам, мен үшін ол мақтанады.

Күн кешкіріп бара жатты. Осы кезде қыр басына шығып алып бүкіл колхоз даласына сол жерден көз тастасаң, өңір қандай көрікті болып көрінеді десеңізші. Тұс-тұстан гүрілдеген мотор мен сақырлаған арба үні, көкжиекке дейін көсілген мақта даласы, оның ішіндегі шапырлаған терімшілер, сол даланың төбесінде көгілдір пердедей қалықтаған түтін аралас дымқыл шаң, бәрі де алыстан қарағанда, колхоз өмірін ерекше бір сұлулыққа бөлеп тұрғандай көрінеді.

Біз арбаға бір топ қыз-келіншектерді сығай тиеп, қазылған жолдың май топырағын бұрқылдата, кешқұрым ауылға қайтып келеміз. Колхозшылар шуылдап ән айта бастайды. Ұзын қамшысымен аттың бауырына анда-санда бір тартып қап, оларға қосыла Бекет те әндетеді. Оның ат сауырына тиген қамшысынаң ізі «х» тәрізді ақ жолақ болып қалып жатыр. Менің дәл осы кезде өн бойымды ерекше бір қуаныш кернеп, өзімді соншалықты бақыттыдай сезініп, ұяла батып бара жатқан күнге қызыға көз алмай қарап келемін. Ән ырғағына оқтын-оқтын өзімнің де қосылып кеткенімді байқамай да қалатын тәріздімін. Бір кезде жұрт жол-жөнекей түсіп болды да, арбаны салдырлатып біз үйге де жеттік. Келсек, қойлар есік алдында маңырап тұр екен. Бекет арбадан секіріп түсті де, жұмыстан ала келген бір бау күздің қатқыл шөбін қораға апарып шашып тастады. Бекет айтқандай, «менің бәсіре қойларым» осыған әбден дәнiккен бе, тар есіктен тығылыса кіріп барып, шашылған шөпті күрт-күрт шайнап жатыр.

Біз үйге кірген соң мен шам жақтым да, Бекет шай қойды. Шай ішіп болған соң, күні бойы қалжырағандықтан менің маужырап ұйқым келе бастады.

— О айналайын, шаршадың ба, ұйықтай ғой, — деп Бекет қалың етіп төсек салып берді.

—Өзің қашан жатасың?

—Міне қазір.

Бекет пияла-шәйнектерді жинастыра жүріп, әр нәрсе туралы тынбай сөйлеуде. «Япырай, Бекет қалай шаршамайды, — деймін іштей, — күндегісі осы ма екен, сағат шынжыры күнде осылай ол келгенде жерге тиюге аз-ақ қалып, қарны ашқан байғұс тарғыл мысық күнде терезеден сыртқа қарап, кешке дейін мияулап тұра ма екен? Сонан соң, Бекет қалай өзгеріп кеткен, тіпті ашық-жарқын ғой». Мен осыларды ойлап жатып, бір кезде тәтті ұйқыға шомып кетіпмін.

Әлден уақыттан соң көзімді ашып, қасыма қарасам Бекет жоқ! Япырмау, оның әлі жатпағаны ма? Сипалап тауып алып, сіріңке шағып қарасам, сағат төрт болыпты. Оның осы уақытқа дейін жатпауы мүмкін емес қой. Ендеше, ол қайда жүр? Орны мұп-мұздай. Соған қарағанда ол мүлде жатпаған да, немесе әлдеқашан тұрып кеткен. Дірілдеген ай сәулесі экранға түскен кино кадріндей, есік алдындағы ағаш суреттерін қабырғаға жапсырыпты. Тым алыста келе жатқан трактордың гүріліндей боп, көрпе астында жатқан мысықтың пырылы құлаққа үздік-үздік естіледі. Жалғыз өзім елегізігендей, әрі Бекетті іздегендей сезіммен, ақырын басып тысқа шықтым. Күміс қырау жамылған жер беті ай сәулесінен бейне бір толқыған мұхиттай жалт-жұлт етеді. Тысқа шығып жан-жағыма көз тастағанымда, анадай жердегі дуал көлеңкесінде қараңдаған екі адам көзіме шалына кетті. Біраз аңғарып қарағаннан кейін екеуін де тани кеттім. Бірі — Бекет, екіншісі — Ләтифа! Мен өз көзіме өзім сенбегендей, бір орында қозғалмастан, селтиіп ұзақ бақыладым. Дәл солар! Сол кезде менің денем түршігіп кеткендей болды. Әрине ол күзгі суықтың әсері емес еді.

О, Бекет! Сенің мұның не? Ол әйел ғой, әрі сен он сегізге де толған жоқсың. Ал ол сенен аттай алты жас үлкен! Мен Бекетті Ләтифаға қимағандай, тап қазір жүгіріп барып оны менің ағаммен екінші рет жолықпастай етіп ұялтып, не ұрысып тастауға да бекіндім. Ондай істі жасау қолымнан келер ме еді, келмес пе еді, әйтеуір өзімді әлдене тежеп тұрғандай, олай қарай бір адым да аттай алмадым. Өне, Бекеттің сөйлеген сөзі де маған анық естіліп тұр.

— Апам да сені жақсы көруші еді, Ләтифа, бірақ ол байғұс екеумізді осылай болады деп әсте ойлаған жоқ қой. Ол кісі мені «тасбауыр» деуші еді. Сол «тасбауыр» деген ойдан арыла алмай кетті. Осы жағын ойлағанымда

қабырғам әлі қайысады. Ол кезде бала екенмін, еш нәрсені ойламайды екенмін ғой мен.

— Қойшы, Бекет, уайымға салынбашы...

— Еһ, бұл уайым емес қой, — дейді Бекет оның сөзін бітіртпей, — ана парызын көз алдында ақтай алмағаным өкінемін. Анам байғұс менен гөрі Нұркенжанын тәуір көруші еді. Ақ сүтін ақтап емгендіктен бе деп ойлаймын... Мейлі, өтер іс өтгі ғой, енді тек Нұркенді оқытып адам етсем, ана парызын ақтағаным сол болсын. Басқа не шара. Әйтеуір мен не істесем де, Нұркенжан үшін. — Осыдан соң екеуі ұзақ уақыт үнсіз отырды да, әлдене деп күбірлесіп орындарынан көтерілді. Олардың үйге беттегендерін сезіп, жылы төсекке лып етіп кіріп кеттім.

Біраздан соң Бекет келіп шешінді де, менің көрпемді ары-бері қымтап, жаныма бір жамбастап жантая кетті. Көп нәрсені әлі ажырата білмесем де, балаң ойым шартарапқа шашырап, таң атқанша көз ілмедім.

Бекет те ары-бері аунап, терең дем алып көпке шейін ұйықтай алмай жатты да, ақырында қимылсыз қалды. Далада иттің анда-санда бір саңқ етіп үргені, сағаттың сырт-сырт соққаны, мүлгіген тыныштыққа болмашы бүлік салып тұр. Сағат тынымсыз сырт-сырт, сырт-сырт етеді...

І І І

Алған күнім де бітіп, оқуға аттанар мезгіл де таянды. Бекет Ләтифа жайлы маған шығарып салғанда да ештеңе айтқан жоқ. Ол арбамен үнсіз жүріп отырып, мені поезға дейін әкеп салды да, «Жиі-жиі келіп тұр, төрем», — деп бетімнен қайта-қайта сүйіп қала берді.

Алғаш келгенімде бәрі де шетінен білімді, ақылды көрінген балалардың біразынан озып та кеттім. Күз өтіп, қыс болды. Қаңтардың қақаған қарлы бораны да келіп жетті.

Осы кезде біз қысқы демалысқа шықтық та, ауылға тағы оралдым. Адам алыста көп жүре берген соң ба, бірте-бірте қалып алып, ауылды көп ойлай бермейді екен. Бұл жолғы сағынышым күздегідей емес, аздап бәсеңсіген сияқты.

Станциядан түскенімде, Бекет мені шанамен келіп күтіп тұр екен. Ол дәл баяғысынша мені аймалап шанаға әкеп отырғызды да, үйден арнайы алып шыққан үлкен ішікпен орап қойды. Бекеттің алғашқы аптығы басылған соң, ол үнсіз қалды. Тек анда-санда бір «шу!» деп аттың делбесін сілкіп қояды. Біз жарым жолға жеткенде кеш батып, қараңғылық үйіріле бастады.

Осы екі ортаның жолы тұяқтарын тоздырған аттар, көмілген жолды дәл басып, ұйтқыған боранға қарсы, оқтын-оқтын бір пысқырып, сырғып келеді.

—Нұркенжан, — деді бір кезде Бекет ақырын ғана.

— Ау.

— Саған әлі айтқан жоқпын, үйде жеңешен бар...

— Не дейсің?!

Ол сөзін қайталамады.

Олардың үйленерін біліп жүрсем де, «жеңешен бар» дегенді есітіп селкете түстім. Қалайша, ол ақыры Ләтифаға үйленгені ме?!

— Кімге? — дедім біле тұрсам да.

— Ләтифаға. Білесің бе, оны апам да жақсы көруші еді ғой, — деді Бекет естілер-естілмес дәл осы жолмен ақталғысы келгендей.

— Мен сені қуанар деп едім, Нұркенжан, — деді ол біраздан соң қайта сөз бастап, — неге шошындың? Егер сен ренжісең...

Онда маған ештеңе де қажет емес, білдің бе, ештеңе де!

Осыдан соң ағаммен қарсыласуға, дұрысы наразылық білдіруге шамам жетпеді де, оны аяғандығымнан құшақтай алдым.

— Қуанамын, — дедім сыбырлап.

Бекет бір ысқырып, қамшысын сілтеп қалды да, аттар жүрісін жылдамдата түсті.

Біз ауылға түн болып, ел ас-суын алдарына ала берген шақта келіп жеттік. Бір қап аязды ілестіре ішке де кірдік. Төр алдында құрулы шымылдық тұр. Ләтифа көрші үйде ме, мұнда көрінбейді. Сонан соң біз сырт киімімізді шештік те, жайғасып отыра бастадық. Сол кезде барып шымылдықтың ар жағынан жөтелген дауыс естілді.

— Ләтифа, сен үйдемісің, бағанадан бері жасырынбақ ойнап жатырсың ба, неге тұрмайсың, Нұркенжан келді, — деді Бекет ішігін шегеге іліп жатып. Шымылдық бір-екі желп етті де, бірнеше секундтан кейін ар жағынан жеңешем шыға келді.

— Ойбай-ау, мынау менің қайным ба, аман-есен келдің бе, төрем? — деп Ләтифа мені әлпештеген болып жатыр. Бала көңіл сезімтал ғой, Ләтифаны мен сол минуттан бастап-ақ ұнатпадым. Оның қандай жылы сөзі болса да, жалғандықпен астасып жатқандығын аңғарғандай болушы едім. Ал бұрын Ләтифа қандай еді? Елбелектеп-ақ тұрушы еді ғой. Енді келіп мұнысы несі? Байқасам, біздің сүттей ұйыған тәтті өміріміз сол бір кештегі шымылдықтың желп етуінен бастап іріп келе жатыр екен.

Адам шіркіннің арманына жеткен соң, кейбір қанағатсыз қасиеттері де кездеседі ғой. Ләтифаны тап солай арманына жеткен соң асқақтағаны ма деп қалдым. Немесе ол жақсы адам емес пе еді!

Біраз уақыт өткен соң, Бекет аттарды жайғастырмақ болып тысқа шығып кетті. Ләтифа ас қамына кірісіп, ауызғы үйде ыдыс-аяқтарын салдырлатып жүр. Менің үйім! Туған үйім! Ақ жүрегіндегі асыл мақсаты мен махаббаты тек бізге ғана арналған анам тұрған үй! Ал мен осы үйде алғаш рет өзімді-өзім тартып ұстап, керегімше көсіле алмай «әдеппен» отырмын.

Алғаш рет өз үйімде жалғыздықты сезіндім.

Алғаш рет Бекеттің жалғыз тұрған кезін аңсадым.

Алғаш рет көкейімде өз үйімнен кету туралы сезім оянды. Бұл үйді мәңгіге қалдырып қазір-ақ кетіп қалар едім, әттең, Бекет!..

Бірақ салқындықты аяушылық жеңе алмады.

Сол аяушылық жібі біздің тіршілігімізді тағы бір төрт-бес жылға сүйреп келді. Мен оныншы класқа өттім. Тіршілік те, мінез де көп өзгерген сияқты.

Соңғы рет келгенімде мен Ләтифаның Бекетке адал емес екенін көрдім.

...Үйге кіріп келгенімде төрдегі шымылдық желп ете қалды. Ішке әлдекімнің енгенін сезіп, шымылдық ішіндегілер үнсіз қалды. Мен Бекет пен Ләтифаны ұялтпайын деп сыртқа шықтым.

Әлден соң үйден мен танымайтын бір еркек шығып, тез-тез там айналып кетті.

Мен жансыз адамдай сол орнымда қаттым да қалдым.

Енді бұл үйге қайтіп кіретін қасиет қалмағанын сездім.

Қош, Бекет!

Түн қараңғы еді. Жол тауып жүре алмайтын болған соң, ешкімнің көзіне шалынбайын дедім де, ауылдан едәуір қашық, жол үстіндегі ескі құлаған үйге келіп, таң атуын күтіп отыра бердім.

2-3 сағат откен соң, әлдекімнің осылай қарай жүгіріп келе жатқанын, қараңғыда көзім шалып қалды.

— «Нұркенжан-ау, Нұркенжаным-ау, сенің шыныменен кеткенің бе?» — деп қалтырай шыққан дауыстан оның Бекет екенін тани кетіп, көңілім қанша босаса да, қозғалмастан отыра бердім. Ол сонау станция жаққа ішігінің етегі желбіреп, өте шықты...

Таң саз бере жолға түсіп, станция жаққа бет алдым. Аяғым әбден тоңып, қимылдатпай қалыпты. Көпке шейін қаншалықты барғым келмесе, Бекетті соншалықты сағына түстім. Кейіннен ауылдағы балалардан, жеңешемнің сол күні түнде бет-аузы көгеріп ісіп шыққанын естідім. Көңілімді жасытпайын деп, еш нәрсе ойламауға тырысып, сабағымды оқи бердім.

Бір күні кешке жақын терезе алдында ойға шомып отыр едім, қақпа алдына бір шана келіп тұра қалды да, үстінен ішікке оранған біреу түсті.

Тани кеттім — Бекетім!

Бір-екі минут өткен соң-ақ «сені біреу шақырып жатыр» деп бір бала жетіп келді. Далаға шықсам, есік алдында қабағы тұнжырап, бірнеше күн ұйқы көрмеген адамдай жүдеп кеткен Бекет тұр екен. Ол мені қолымнан ақырын ғана сүйді де:

— Мен сен деп қана жүр едім ғой, Нұркенжан! Үмітімнің арты осы болғаны ма? Мен әперген киімді лақтырып кетіпсің, оның не? Анасының жоқтығын қайтсем білдірмеймін деп жүр едім ғой мен сорлы, мә, ал, алшы мынауыңды, — деп ол маған анадағы тастап кеткен костюм-шалбарымды қолыма ұстатты. Еш нәрсе көрмей өссін деп едім ғой мен сені. Қаршадайымнан жұмысқа кіріп... мал өсіріп...

Бекет ар жағын айта алмай, көмейіне әлдене тығылып тұрғандай үнсіз қалды. Біраздан соң:

— Кел үйге, Нұркенжан. Сен кетсең мен не болам, кел, — деді ол, менің бетімнен сүйіп.

Осы кезде мен оның құшағына құлай кетіп, үнсіз ғана егіліп жібердім.

— Барамын, ағатайым, барамын!

— Ақырында шанаға міне беріп, «сүйт, қалқам» — дей берді ол бір айтқанын әлденеше қайталап.

Содан соң демалыс сайын ауылға барып тұрдым. Бекетім! Сонда сенің төбең көкке бір-ақ елі жетпей жүрді ғой!

Осы оныншы класты бітірер жылы өзіммен бірге оқитын Зағида дейтін қызға ғашық болдым. Бірақ оның жүрегінде маған деген бір жылылық бар ма, жоқ па, ол жағына көз жеткізе алмай дал болдым. Ынтыға түстім. Көзімді тарс жұмып, тәтті қиял құшағында талай түндерді ұйқысыз өткіздім.

Өмір енді бұрынғыдан да қызықты, бұрынғыдан да өз бетінше бағыт алып келе жатты.

Оныншы класты бітірген соң, Алматыға аттанбақ болдым. Бұрын да «сіз-біз» десіп жүрген жоқ едік, дәл кетерден 2-3 күн бұрын жеңгеммен тағы да бетке келісіп қалдық. Бұл жолғы ұрысқа қосқан оның жаңалығы: «Қу жетім, кетпесең қараң батсын» деген болды. Сонымен, қоштаспастан Алматыға тартып тұрдым. Бекет шығарып саларда біраз ақшаны қалтама салды да: «Ренжімей бар, көкешім, жиі-жиі хат салып тұр», — деп қала берді.

Мен сені неге ұмытайын, саған неге ренжиін, Бекет! Неліктен екені белгісіз, мені шығарып салуға Зағида келе алмады.

Ауыздың суын ағыза жұрт мақтайтын Алматыға да жеттім ғой. Біздің қала деп дүрдітіп жүрген Түркістанымыз, мұның қасында ауыл, не қыстақ сияқты болып қалады екен. Бір жарым ай өткен соң, ауылшаруашылық институтының студенті болдым. Қандай қуандым десенізші сонда! Ал менің мұнымды естігенде, Бекетім нендей күйде болды екен. Ол қуаныштан бірнеше күн бойы ұйқы да көрмеген шығар.

Алматы өміріне де араласып, бір жылдай уақыт өтті.

Бір күні Бекеттен хат алдым. Қысқа ғана жазылыпты.

«Төрем Нұркенжан, саған айта алмай жүр едім, жеңгенмен ажырасқанымға үш-төрт ай болды. Енді оның күні қандай болады екен деп сары уайымға салынбай-ақ қой. Өзім бұрынғы жұмыстамын. Осы демалысыңда кел, сағындым ғой сені.

Ағаң Бекет».

Жеңгемді бұрын жақтырмасам да, оның үйден кетіп қалғанына өкіндім. Өйткені, мен алыста болған соң олар бір-бірін сыйлар ма еді, қайтер еді? Жазғы емтихандарымды тапсырып болдым да, ауылға, Бекетке қарай асығыс аттандым. Алыстан оралғанда туған жер қандай ыстық. Станциядан түскен соң, жусанның кермек иісі аралас аңқыған самал желге кеудемді кере ашып тастап, бейне бір мас адамдай шайқала жүріп келемін. Орта жолға жете бергенімде алда кетіп бара жатқан арба сықырын құлағым шалып қалды да, ауылға дейін отырып барайын деп тез-тез жүріп, оным өнімсіз болған соң жүгіре жөнелдім. Арбадағылар мені байқайтын емес. Жақындап келгенімде ондағы қараңдаған тұлғаның екеу екенін аңғардым. Құлаққа таныс дауыс шалынды.

— Беке-е-т! — дедім қуанғанымнан айғайлап жіберіп, – тоқта, тоқта!

Бір кезде арба дөңгелегі сықыр-сықыр етіп барды да, кілт тына қалды.

— Ей, бұл кім?

— Мен, мен.

— Нұркенжанбысың?

— Иә, иә.

— Көкешім-ау! Алыстан келді ғой, мен деп қана келді ғой көкешім! — деп Бекет арбадан секіріп түсіп, маған қарай сүріне-қабына жүгірді.

Қолымнан чемоданым түсіп кетті де, оның мен үшін бұл дүниедегі ең қымбат, ең ыстық құшағына қойып кеттім...

Арбада әлдеқалай нәзік тұлға селтиіп тұр. «Е-е, олар қайта табысқан екен ғой дедім ішімнен, сөйткендері де дұрыс қой».

Арбаға таянғанымда оның Ләтифа емес екенін таныдым.

— Кел, отыр. Қап, бұрынырақ білмегенімді қарасайшы, сонаудан жаяу келіп, — деп Бекет екеуінің ортасынан орын берді.

— Зағида, бұл менің сонау Алматыдағы алтын төрем, таныса отырыңдар, — деген Бекеттің сөзінен селт ете қалдым да, сол жағымда отырған қызға жалт қарадым. Ол да дір еткендей, маған бетін бұрды да, басын төмен салбыратып үнсіз қалды.

Япыр-ау, мынау шынымен сол Зағида ма? Ол қайдан жүр? Бұлар сонда бір-бірін ұнатқаны ма екен, олай болмаған күнде Зағида селт етпес еді ғой. «Айт, шу» — деп Бекет қаннен-қаперсіз пар атты сар желдіріп келеді. Арбаның тоқылымен ырғала түсіп, ауыр да күйінішті ойға шомып келемін. О, Зағида! Мен сені тап қазір өз ағамның қасында кездестіремін деп ойлаған ба едім. Енді мұнан әрі не болмақ? Бұл қызғанышымды аяулы ағама қалай ғана батылым барып жеткізбекпін.

Зағида да, мен де үнсіз келеміз. Оқтын-оқтын Бекет қана әр нәрсе туралы бір сөз қозғап қояды да, аттарды делбелей түседі. Менің жан сарайымдағы сумаңдаған сұрапыл сұмдықтарды ол қайдан білсін. «Иә, — деймін ішімнен тағы қайталап, — мен мұндайды әсте күткен жоқ едім ғой, Зағида. Мұнан әрі өмір не болмақшы!?» Бір кезде «дырр-рр», — деген дауыстан басымды көтеріп алсам, ат жаңа салынған қақпаға тұмсық тіреп тұр екен.

«Міне, үйге де келдік, түсейік», — деген Бекеттің сөзінен тәтті ұйқыдан шошып оянғандай жан-жағыма қарадым. Өзіміздің үй екен. Бекет үйді айналдыра шарбақпен қоршап, ішіне ағаш отырғызып қойыпты. Біз арбадан түстік те үйге беттедік.

— Зағида, түс, үйіңе қазір апарып саламын ғой, — деді Бекет оның қолынан ұстап.

— Жоқ... мен кетемін. — деді ол сыбырлағандай дауысы әрең шығып.

Зағида арба үстінде бейне бір жансыз адамдай қатыпты да қалыпты.

Үйге кіріп, шам жағып жайғасқан соң, Бекет:

— Төрем, сен отыра тұр, мен ана қызды үйіне апарып қайтып келейін, қазір ораламын, — деді де, тысқа қайта шығып кетті.

Үйде өлі тыныштық. Тек баяғы көзге таныс сағат әлі күнге сырт-сырт соғып тұр.

Біраздан соң Бекеттің «Айт, шу» деген дауысы естілді де, арба салдырлай жөнелді. Ақырында ол дыбыс арба алыстаған сайын әлсіреп барып, бірнеше минуттан соң мүлде жоғалды. Жалғыз өзім қалғаннан кейін, үй ішіне көз жүгірттім. Төрде көз тартарлық кілем ілулі тұр. Бекет бір

шифонер, үлкен радио, тағы сондайларды алып, шағын үйді безендіріп қойыпты. Әлден уақытта шет-шеті қызылмен жиектелген стол үстіндегі Зағиданың суреті көзіме оттай басыла кетті.

Кеудемді қызғаныш оты кернеп, қолым дірілдей бастады. Суретті алып ұзақ қарап тұрдым. Зағида қандай сұлу еді! Бұрын мен оған қанша ынтық болып, жан түбіндегі аласұрған махаббаттың нәзік сезімдерін жасырын ұстап жүрген шағымда да ол маған бұлайша көрінбеген болатын. Ал қазір ше?.. Мен үшін ондай қыз бұ дүниеде жоқтай, тіпті болмайтындай көрінді. Сол кездегі бұл шешімім әсірелеуді керек етпейтін риясыз көріктілігінің әсері ме, ол жағына ешқашан ой жүгіртіп көрген емеспін. Міне, ол маған бейкүнә күлкімен мөлдірей қарап тұр. Бұдан дәл бір жыл бұрын мені махаббаттың кіршіксіз, мөлдір дариясына бір батырып алған ерке де назды күлкі.

«Неге, неге ғана мен сол кезде тәуекелге бел буып, ішке сыймаған сезімдерімді ақтарып салмадым екен! Сонда мен, мүмкін мұндай халге душар да болмас едім!», — деймін еріксіз күбірлеп.

Сөйтсе де өзекті өртеген күйініш ішіме сыймай, рамканы қолыма қыса ұстап, жерге бір ұрып парша-парша еткім келді. Осы бір арынды ойдың жетегіне еріп, оны орындап шығуға әлденеше рет тәуекел еттім. Бірақ мен ұнатқан Зағиданы өзге емес өз ағам, аяулы Бекетім ұнатқандықтан мен ондай қылмысқа бара алмадым. Қолымдағы суретке тағы қарадым. Жерге ұрмақ түгілі, парша-парша етіп жыртып тастасаң да Зағида бәріне риза сияқты сол баяғысындай күлімсіреп тұр.

Балғын жүзі «Менде не кінә бар, Нұркен? Мен сенің өзімді ұнататыныңды білген жоқ едім ғой, текке кінәламашы», — деп ақталып тұрғандай еді.

Сонан соң мен рамканы бұрынғы орнына ақырын апарып қойдым да, шашымды умаждай түсіп еденге отыра кеттім. Тұла бойым ысып, басым меңзең боп барады. Көз алдыма бірде жазықсыз Зағида, бірде, «Нұркенжан-ау сен де оны сүйетін бе едің! Қайт дейсің маған, қайт дейсің, өмірде бірінші рет сен қосшы ақылыңды», — деп қос алақанын жайған Бекет елестейді. Енді бірде осы елестердің бәрі де сағымға айналғандай, көз алдымдағы бұлдыраған дүниеден еш нәрсе ұстай алмай қаламын.

Осылайша қанша отырғанымды кім білсін, бір кезде орнымнан атып тұрып үстел үстіндегі қағаз-қаламға жармастым. Дайын парақ табыла қоймаған соң ескірген бір кітаптың ішкі мұқабасын жыртып алдым да, дірілдеген қолыммен мына сөздерді жаздым:

«Қош, Бекет! Менің неге кеткенімді сұрама. Егер білгің келсе, бар себепті Зағида айтар».

Күні бойы мың толғаныстың бір байламы осы болды да, мұным дұрыс па, дұрыс емес пе деп ой тезіне салып жатпай-ақ, тез-тез басып сыртқа шықтым. Ойланып жатуға менде күш те, төзімділік те жоқ еді. Үйден шыққан бетте станция жаққа бет түзедім.

Олай қарай сүйрелеген өз қайратым мен өз еркім емес, мені әлдеқалай бір дүлей сиқыр, тылсым күш жетектеп бара жатқандай еді.

Қош, туған үйім!..

Содан бері талай жылдар өтті ғой. Институтты бітіріп, Алматыдағы машина жасау заводына инженер болып орналастым. Бұдан кейінгі өмірдің бәрін несіне айта берейін, бәрі де өзіңе аян ғой, Сайыпназар. Ағам бар деп саған айтпауымның себебі де осы еді.

Бір күні жұмыстан келіп енді шешіне бергенімде, жұбайым Гүлмира: «Таңертең алып едім, кім екенін танымадым», — деп маған бір хатты ұсынды. Жазуынан Бекеттің қолы екенін тани кеттім де, жүрегім дүрс-дүрс соғып, хатты асығыс аша бастадым. Ол егіліп отырып көп жазыпты.

«...Сен мені шыныменен ұмыттың ба, Нұркенжан. Қызметке тұрып, әйел алғаныңды естіген күні қуаныштан түні бойы кірпік қақпадым. Ер жетіп есіміздің кіргені осы ма? Менің сенен басқа кімім бар еді? Апам екеуің мені «тасбауыр» деуші едіңдер, ол әлі есімнен шыққан жоқ.

Балалық шақ қызық екен ғой... Бірақ қанаты қатпаған, ана аймалауынан басқаны көрмеген саған жаным ашып, қауындай жарылып, майдай еріп ем. Әлде «тасбауырлық» саған ауысты ма? Азабыңды көп арқалап ем, ол аз болғандай қабырғамды қайыстыра қасірет үйіп кеттің ғой! Қойшы, бәрін де ұмытшы, мен сенің сол баяғыдағыдай ақ жүректі ағаңмын ғой. Келші, Нұркенім менің, сағындым ғой сені, келші. Әсіресе, қатты науқас үстінде адамға бауыр сондай қымбат болады екен. Әлдеқалай боламын, тым болмаса халімді бір көріп кетпеймісің. Сүйтсеңші, көкешім, жабыққан көңілімді жадыратып, бір қуантсаңшы мені. Тез, тезірек келе гөр, Нұркенжан!

Ағаң Бекет.

1961 жыл 17 ноябрь».

Хатты оқып болғанда денем дірілдеп сала берді. «Не болды, Нұркен?» деп шошынған Гүлмираның сөзіне құлақ та асқан жоқпын.

Осы сырдың бәрін айтып салып, бір жеңілденейінші деп саған келсем, командировкаға кетіп қалыпсың, Сайыпназар. Сонан соң үйге келдім де,

сырқат адамша сұлық түсіп жатып қалдым. Қараңғы үйде шалқамнан түсіп, сонау мектептегі өмірден бастап, бүгінге шейін көз алдыма елестетіп өттім. Бекеттің өмірі аянышты екен ғой! Екеуміз бір анадан тусақ та мына дүние меншігінен тең бөліп ала алмаппыз.

«Жоқ, кету керек, кеткенде де біржолата кету керек», — дедім күбірлеп.

— Не деп сандырақтап жатырсың, Нұркен, сен науқас емеспісің? — деп үрейлене сұрады Гүлмира.

— Жоқ, Менің науқастығым ештеңе етпес еді-ау! Бекет ауырыпты ғой. Кету керек, Гүлмира. Бекетім ауырыпты!

— Қайда, не деп жатсың сен?!

— Ағама!

— Не дейсің, сенің ағаң бар ма еді?!

— Ия, ия. Хат содан келіпті.

— Ал оны сен менен неге жасырып келдің?

— Ол көп жәйт, Гүлмираш, кейін бір айтып берермін.

— Жоқ, қазір айтшы? Оған бәрін де айтып бердім.

Ертеңіне директорға арыз бердім де, екі күннен соң ауылға асығыс жүріп кеттім. Гүлмира екеуміз ауылға таянғанда күн кешкіріп бара жатыр еді. Ымырт жабыла үйге де жеттік. Баяғы жас шыбықтар үлкен-үлкен ағаш болып, бұтақтарымен үйді көме түсіпті. Кешқұрым ұясына қонақтап жатқан құстар тұс-тұстан бейтарап шуылдайды. Үйге кірсек, Бекет кереует үстінде сұлық түсіп жатыр екен. Бекеттен айнымайтын екі бала төр жақта ойнап жүр. Бірі былдырлап, көкесінің көрпесін тартқылайды. Ішім жылып, елжіреп, кеттім де, оны көтеріп алып, жылағанына да қарамай бетінен сүйе бердім, сүйе бердім. Осы кезде даладан Зағида кіріп келді де, мені көріп қолындағы шәйнегі жерге түсіп кетіп, күл-талқаны шықты. Жылаған бала мен сынған шәйнектің дауысынан Бекет оянып, ақырын көзін ашты да, мені тани кетіп, орнынан сау адамдай атып тұрып, кеудеме бар салмағымен құлай кетті.

— Көкешім, келдің бе, келдің бе маған, ұмытпапсың ғой ағанды... — деп ол мені қыса түсті де, буыны босап құлай берді.

— Ағам, ағатайым, не болды, ашшы көзіңді, мен біржола келдім ғой саған! — деп оның жүдеу бетінен сүйе бердім. Есік жақта үнсіз тұрған Зағида да жүгіріп келіп оны орнына жатқызуға көмектесіп жатыр. Бекет боп-боз боп, анда-санда бір дем алады.

— Бекет, тұршы, сөйлеші! — деп оның арық беттерін сипалап жатырмын. Әлден уақыттан соң ол көзін ашты да, маған қарап:

— Мен өлмеймін, Нұркен, қорықпа, сен келдің ғой, мен сауығып кетемін. Гүлмира қайда, келсінші!

Мен Гүлмираға ақырын иек қақтым. Ол Бекеттің қасына барып отырды да:

— Біз сізді іздеп келдік, енді сауығып кетесіз, ертең-ақ сауығасыз... — деді оның тамырлары адырайған алақандарын сипалап.

— Рахмет, қалқам, рахмет. — Сендерді де көрдім ғой, — деп ол Гүлмираның қолынан жай ғана сүйді.

Бір кезде менің көзім Зағиданың жанарымен соқтығыса кетті. Оның қарақаттай қара көздерінде бұрынғыша жастық оты жалындамай, оның орнына нағыз аналық қасиет қалыптасыпты. «Сенің ғашық болғаның осы ма?» — дегендей, Гүлмира да Зағидаға қадала қалыпты. Сонан соң мен ауыр күрсіндім де: «кешіріңдер», дедім ақырын ғана соза сөйлеп...

Иә, сонымен олар кешірді ғой. Шынында да, ағам 5-6 күннен соң сауығып кетті.